



МРНТИ 18.41.45

Е. Б. Алиев¹, Н. С. Бекмолдинов²

^{1, 2}Т. К. Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы
(Алматы, Қазақстан)

ЗАМАНАУИ ЭТНО- ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АНСАМБЛЬДЕРДІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ЗАМАНАУИ ЭТНО–ФОЛЬКЛОРЛЫҚ АНСАМБЛЬДЕРДІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

(«Тұран» этно–фольклорлық ансамблінің негізінде)

Аңдатпа

Мақалада қазақ музыкасының тарихы, даму жолы, фольклорлық өнеріндегі синкреттік болмысының хәл–ахуалы зерттеліп, ерекшеліктеріне, сонымен қатар, қазіргі кездегі ансамбльдерде ойналып жүрген аспаптардың қолдану тәсілі мен әдіс-амалдарына кеңінен талдау жасалып, ғылыми тұрғыда сарапталады. Қазіргі таңда шығармашылығымен, репертуар кеңдігімен көпшілікке танымал «Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің композициялары негізге алына отырып, топтың даму тенденциясы кеңінен зерттеледі.

Тірек сөздер: этно–фольклорлық ансамбль, композиция, репертуар

Кіріспе

Қазақтың музыкалық төл мәдениеті ғасырлар қойнауында тамырын жайған, өзіндік өшпес орны бар сап өнер. Қазақ халқы ХХІ ғасырдан бастап өзінің даму жолында жаңашылдық сатысын бастан кешуде. Қазақстанның өркендеуіне,

қоғамның дамуына үш мың жылдық тарихы бар ұлттық өнеріміздің байлығы дәйек бола алады. Жалпы көшпенді халық, оның ішінде қазақ елі өзінің осы уақытқа дейінгі тарихын, мәдениетін, бар өмірлік болмысын негізінен,

ауызекі түрде: өздерінің ән–күйлерінде, жырларында, аңыз–әңгімелерінде, ұрпақтан–ұрпаққа аманатқа қалдырған. Мұны ұлттық өнерді уақыт пен дәуірдің сүзгісінен өткізудің өзгеше жолы деп қарастыруға үлкен негіз бар. Себебі, көшпелі өркениетте жазу, тасқа басу мәдениеті кеш жетті. Бірақ, көшпенділердің жады бұл олқылықтың орынын толтырды. Яғни, олар ауызекі әңгімеде ұрпақтан–ұрпаққа тараған ән–күйлерде өзінің ұлттық болмысын, қалпын бұзбай сақтап қалды. Сондықтан, қазақ халқының әрбір әнінің, этно-фольклорлық мұраларының астарында үлкен ұлттық мағына, тәлім-тәрбие, ұлттың болмыс бітімі жатыр. Ендігі ұрпақ соны жіңішкелікпен аршып, мән–мағынасын ашып көрсете білу керек.

Әдістер

Фольклор – халықтың музыкалық мұрасы мен шығармашылығын жинайтын, зерттейтін ғылым саласы. Музыкалық фольклор қарастыратын мәселелердің ауқымы кең. Аталмыш жанр мәдениетінің тууына себеп болған қоғамдық – әлеуметтік құбылыстарды қамтып, халық музыка өнерінің өмірдегі қолданысы мен орнын, ауызекі шығармашылығын, авторлық ән–күйлердің табиғатын қарастырады. Демек, бұл атаулардың өзара байланыстылығымен қатар, бір-бірінен айырмасы да бар. Муз. фольклордың тұрмыс-салтқа байланысы («Жар-жар», «Тойбастар», «Шілдехана», «Сыңсу», «Жоқтау», т.б.) салтанаттық фольклор үлгілерін, өнердің синкреттік сипатын, музыкалық-эпикалық дәстүрді (жыр, толғау, терме, желдірме), халық әндерінің жанрлық-көркемдік сипаттарын, халық аспаптарын (қобыз, домбыра, сыбызғы, асатаяқ, дабыл, даңғыра, кепшік) [1, 65б.], осының барлығын біріктіре білген

ұлттық өнердің үлкен өзегі. Дегенмен, қазақ этно-фолклорлық ансамблі уақыттың және дәуірдің талабына сәйкес әр уақытта өзінше қалыптасып, дамып отырды. Мысалы, Қазақстандағы алғашқы фольклорлық–этнографиялық ұжым қайталанбас талант иесі, ғажайып композитор Н.Тілендиев жетекшілік еткен «Отырар сазы» фольклорлық–этнографиялық ұжымы болды. Кейін «Шертер» фольклорлық ансамблі 1974 жылы Арқалық (бұрынғы Торғай облысы филармониясы жанынан) қаласында ұйымдасқан еді. Ансамбльде тұңғыш рет қазақтың көне халық музыкалық аспаптары шертер, жетіген, сырнай, шаңқобыз, асатаяқ, қамыс сырнай, т.б. пайдаланылды. Үш ішекті шертепелі көне музыкалық аспаптың бірі «шертер» ансамбльдегі басты аспап саналды. Ансамбль репертуарынан сирек орындалатын қазақтың халық музыкалық шығармалары (терме, күй, ән мен билер) кең орын алды.

«Ғасырлар пернесі», «Сазген», «Адырна», «Алтынай», «Сарын» т.б фольклорлық ансамбльдер осы өнердің одан әрі дамып өркендеуіне үлкен үлесін қосты. Бүгінгі таңда қазақтың төл өнерін заманға лайықтап, бейімдеген зерттеуші Болат Сарыбаев, осы күнге жеткен әртүрлі музыкалық аспаптардың бірталайынын тарихын мән–мағынасын ғылыми тұрғыда зерттеп жеткізді. Осы байырғы аспаптарды түрлі формада тыңдарман қауымына жеткізумен қатар, аға буындарымыздың жолын қуып ұмыт болған дәстүрлі музыканы қайта жаңғыртып жүрген бірнеше этно-топтар бар. Соның ішінде «Тұран» этно–фольклорлық ансамблінің алар орыны айрықша.

Нәтижелер

«Ертеде Түркістанды Тұран дескен, Тұранда ер түрігім туып-өскен...» [2, 86 б.] – деп ақын Мағжан Жұмабаев жырлағандай, тур деп аталған көшпелі бабалар ен жайлаған Тұран – Түркістан өлкесінің көне атауы болған. «Авеста» мен Фирдоусидің «Шахнамасында» бұрын бір болған Иран мен Тұран елінің өзара байланысы мен тайталасы айтылады. Тұрандықтар деп сақ, массагет, кушан, оңтүстік эфталиттер, солтүстік ирандық халықтар аталған. Түріктердің болашағы көптеген ұлттарға қарағанда берік» деп бағалаған. Леон Каэн 1896 жылы Парижде «Азия тарихына кіріспе» (Introductional Histoire de l'Asie) еңбегінде «Батысқа өркениетті алып келген – Тұран ұрпағы» [3, 25 б.]-деп жазды.

Тұран – Түркілер мекен еткен жер болғандықтан «Тұран» ансамблінің аталуы да осы түркілік салт–дәстүрді, әдет–ғұрыпты, көне әуендік үндестік пен байырғы қоңырлықты сақтай отырып, қайта жаңғыртуында. «Тұран» фольклорлық–этнографиялық ансамблі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы студенттерінің бастамасымен 2008 жылы ұйымдастырылды. Ансамбль құрылмас бұрын оның мүшелері «Сарын» фольклорлық ансамблінде консерватория қабырғасында оқып жүріп, өнер көрсетіп жүрген. Кейіннен өздері бөлініп шығып, жеке ансамбль болып құрылады. Ансамбль қазіргі мәдениет және спорт министрі, қазақ өнерінің жанашыры, ұлттық өнердің дамуына елеулі үлес қосқан айтулы тұлға Ақтоты Райымқұлованың тікелей атсалысуымен құрылды.

Бұл ансамбльдің құрылуының негізгі мақсаты– ескі архаикалық аспаптардан жаңа дыбыстарды іздеу арқылы жаңа шығармашылық бағытта орындау

тәсілдерін жанжандырып, жаңғыртып, бүкіл әлемге қазақ музыкасын, ұлттық аспаптарының өзіндік ерекшелігін таныту. «Тұран» этно–фольклорлық ансамблі әу баста алдарына қойған осы мақсаттан ауытқыған жоқ. Олар ата–бабамыздан қалған алтын мұраны көз қарашығындай сақтап, байырғы төл дәстүрді жалғастырумен қатар ұмыт бола бастаған ұлттық аспаптар сүйемелдеуімен ер түріктің жауһар жыры мен гауһар күйін жаңғырты, қолданысқа енгізіп келеді. Айтар болсақ, көптен ұмыт болған мессырнай, қамыссырнай, үскірік, мүйіз сырнай, ұра сияқты т.б. аспаптарды қайта қолданысқа енгізді. Сонымен қатар, көмеймен ән айту мәнерін өзара үндестіру арқылы көне сарынды заманауи тұрғыда қайта жаңғырту мақсатында қолданысқа енгізіп, қарғыра, сығыт тәсілдерін өз шығармаларында қолданып келеді. Жалпы «Тұран» ансамблінде 30–дан астам халықтық саз аспаптары бар. Атап айтар болсақ ансамбль мүшелері -сыбызғы, сазсырнай, домбыра, мессырнай, қамыс сырнай, жетіген, қылқобыз, шаңқобыз, шертер, шіңкілдек, даңғыра, дауылпаз сынды ескірген аспаптардың үніне жан бітірді.

Дискуссия

Тұранның авторлық шығармаларының ерекшелігі тыңдарман қауымға өте жетімді. Себебі, қазақ халқының зарын немесе қуанышын аспап арқылы барынша жоғары деңгейде орындауында. Ол тек аспапта шебер орындалумен шектелу емес, орындалған әр дыбысын эмоциялық түрде жеткізе білуінде. Тұран ансамблінің 11– жылдық тарихы болса да, осы уақытқа дейін қырақтан астам авторлық шығармаларының ешбірінің нотасы сақталынбаған, түсірілмеген. Баяғы

ата–бабамыздың үрдісін жалғастырушы бұл ансамбль құйма құлақпен үйрену және өз шәкірттерін де осылай тәрбиелеуде. Себебі Құрманғазы, Тәттімбет, Дина, Қазанғап сияқты ұлы дүл–дүл күйші бабаларымыздың күйлері кейінгі ұрпаққа тыңдап үйрену әдіс-тәсілмен біздің заманымызға дейін еш өзгеріссіз жетті. Ол уақытта техниканың енді дамып келе жатқан дәуірі болғандықтан мүмкіндік болмаған. Кейіннен әр күйлері нота тілінде ақ қағазға түсіріліп, қазіргі таңда қазақ өнерінің саңлақтары бертін келе жазылып алынған аудиотаспалар арқылы күйлерді үйреніп шыңдалуда.

Ансамбль Қазақстанның «Мәдени мұрасы» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға белсене араласуда және дүние жүзі бойынша өтетін мәдени іс-шаралық концерттерге қатысып келеді. Тұран ансамблі осы 11-жылдың ішінде әлемнің 70–мемлекетінде 800–ге таяу шығармашылық концерттерін берген. Атап айтсақ: Израиль, Түркия, Қытай, Оңтүстік Корея, Венгрия, Германия, АҚШ және Франция, Испания, Өзбекстан және т.б. көптеген елдерде өткен конкурстар мен фестивальдердің лауреаты атанды. Нью–Йорктегі Carnegie Hall, Вашингтондағы Кеннеди орталығы, Берлиндегі концерттік үй және т.б. сияқты ансамбльдің шығармашылық жұмысы туралы Discovery, BS Asahi (Жапония) арналары фильмдер жасады. Үздіксіз дамып, толығып отырған топтың шығармашылық репертуары көптеген қазақстандық және шетелдік тыңдаушылардың қызығушылығын тудырды.

2011 жылы «Тұран» ансамблінің «Ер Тұран» атты күй жинағы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының қолдауымен жарық көрді. Бұл жинақтың ішіне 11 шығарма енді. Айтар болсақ,

«Ертұран» (сөзі И. Сапарбайдікі), «Мұқағали толғауы» (әні С.Шаханұлы, сөзі М. Мақатаевтікі), «Жарапазан» (халық әні, өз сөзімен толықтырған С. Медеубек), «Қайыстың зары» (Ш.Құдайбердиевтікі «Ләйлә-Мәжнүн» эпосынан), «Ортеке» (Тұран ансамблі), «Аққу» (Н.Тілендиев және Тұран ансамблінің өңдеуінде), «Аңшылық» (сөзі С.Медеубектікі және Тұран ансамблі), халық әндерінен – «Елім-ай», «Шилі өзен» М. Сәдуақасованың жеке орындауында, «Қара жорға» (халық әні), «Іңір» атты шығармалар жарық көрді.

Аталмыш этно–фольклорлық ансамбль жаңа дыбыстарды үнемі іздестірумен қатар, музыкалық идеялардың жаңа формалары бойынша белсенді батыл қадамдар жасайды. Ансамбльдің репертуарында түрлі аспаптық композицияларға, атап айтсақ: камералық, симфониялық, халықтық оркестрлерге арналған шығармалар бар. Бұл симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен – Шыңғыс Айтматовты еске алуға арналған «Жәмила», «Дала сыры», «Толғау» өлеңдері орындалды. Музыка авторы – белгілі қазақстандық композитор Ақтоты Райымқұлова. Халықтық және симфониялық музыканың ерекше дыбысы қазақ халқының тарихын таңқаларлықтай дәлелдеді.

Тұранның халыққа танымал, өзіндік ойып алар орны бар бірнеше композициялық шығармаларына талдау жасасақ, соның ішінде 2008 жылы ең алғаш шыққан «Қазақ елі» шығармасына кеңінен тоқтала кетейік

Бұл шығарма қазақ елінің асқақ та айбынды, жауынгерлік рухқа толы, өзгеше болмысын сипаттайды. Мысалы, ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтің «Қазақ жері» өлеңінің:

«Пай! Пай! Пай! Киелі неткен жер!
Батырлар дүрілдеп өткен жер,
Тұлпарлар дүбірлеп төккен тер,
Ғашықтар бір-бірін өпкен жер,
Сарылып сал-сері кеткен жер.
Бас иіп, иіскеп топырағын,
Тағзым жасамай өтпеңдер!» [4, 125 б.]

– жолдарын шығармаларының өзегі етіп, тыңдармандарына айрықша рух силады. Бұған дейін поэзия түрінде алғаш рет ансамбль құрамында өлең оқу кездескен емес.

«Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің еңгізген жаңалықтары өз алдына бір төбе. Мысалы, елімізде көмеймен ән айту дәстүрін Еділ Құсайынов тек бір дыбыс алу арқылы әр түрлі аспаппен жалғыз өзі айтып келген. Ал «Тұран» болса, бұл дәстүрді өзгеше дамытып түрлендірді. Яғни, олар Махамбеттің жырына өзгеше мақам, айрықша әуен қоса отырып, көмеймен жырлап көркем түрде жеткізді. Сонымен қатар, ансамбль құрамына қыл қобыз аспабымен желдің дыбысын әрлеуді еңгізді. Қазақ елінің барлық көрінісін, батырлығын, табиғатын әсемдеді. Қобыз аспабымен қасқыр үнін музыкалық әдістермен, жетігенде - судың сылдырын, домбырда- аттың шабысын көрсетті. Осындай көпке мәлім «Тұран» ансамблінің бойтұмарына айналған бұл туындыларды кез келген сахна төрінен естуге болады. Мысалы, би топтарының көпшілігі арнайы осы шығармаға би қойып өнер көрсетіп жүр. Келесі, кино әлемінде саундтрекке айналған, ансамбльдің айрықша шығармаларының бірі «Ер Тұран».

Шығарма алғаш «Өрлеу» деген атпен дүниеге келген. Кейіннен атауына өзгерту енгізілді. Композицияның сөзін жазған Исрайл Сапарбай. Қазақ өнерінде ұрмалы аспаптар тек әсемдік ретінде қолданылып, бірінші

қағыстарға көңіл бөлінсе де, еш уақытта екпін түсіріліп ойналмаған. Тұран ансамблі эксперимент ретінде барлық шығарманы ұрмалы аспаптың, яғни даңғыра аспабының ырғағына көңіл бөлу арқылы және ұрмалы аспаптың жаугершілік заманында жаудың келе жатқанын ескерту мақсатында қолданса, Тұран ансамбль құрамымен дабыл қағу, рухты ояту, намысты ояту мақсатында ең алдымен ұрмалы аспапты қолданды.

«Тұран» ансамблінің репертуарындағы ең кеңінен таралған музыкалық шығарма, жалпы Түркия елінің саяси партияларының әнұранына айналған және «Ертұғырыл» телехикаясының саундтрегі ретінде қолданылған. Қазіргі кездегі тарихи киноларда да жиі қолданылады. Сонымен бірге, Мұхтар Әуезов театрының қойылымдарында соғыс, шайқасты, батырлықты көрсететін сахналарына спектакль атмосферасын беруде үлкен роль атқарып жүр. «Ер Тұран» шығармасының негізгі ойы барлық түркі елдерін бірігуге шақыру, қазіргі таңдағы жаһандық мәселелерге байланысты рухты ояту, сұйылып бара жатқан жастарымызға ой салу. Ансамбльдің дәл осындай рух көтеретін, намысты оятатын шығармалардың бірегейі «Ұлы Тұран Мәңгілік» шығармасы.

«Ұлы Тұран Мәңгілік» деп ұрандатқан ансамбль Тұран ойпатында мекен еткен түркі тілдес елдердің ерлігін айтуымен қатар, қазіргі ұрпаққа ата-бабаларымыздың сол ерлігін еске салу мақсатында орындалып жүр.. Шығарма сөзін жеті буындық жыр мақамында жазған – Бақыт Беделхан. Бұл композицияның ерекшелігі ансамбль құрамында «қамыс сырнай» атты қазақтың көне музыкалық аспабы алғаш рет қолданылған. Сонау сақ тайпаларының заманынан бастап,

қазіргі заманға дейінгі кезеңдерді жырлайтын бұл шығарма:

«Сақтан қалған салтымды, Ғұннан қалған ғұрпымды,
Түп қазыққа байлаған, Ұлы Тұран Мәңгілік!
Түркіден қалған жұртымды, Жәнібек-Керей ту қылып,
Ұлық қылған ұлтымда, Ұлы Тұран Мәңгілік!
Есімнің ескі жолымен, Қасымның қасқа жолымен,
Көрінген Тәуке төрінен, Ұлы Тұран Мәңгілік!
Абылайы жыр болған, Тұғыр болған, ту болған,
Кеңесары мұң болған, Ұлы Тұран Мәңгілік!
Кәрісің бе, жассың ба, кеуде толған тасқынға,
Алаш туы астында, Ұлы Тұран Мәңгілік!
Көк бөрідей тегі бар, Жер ұйықтай жері бар,
Қазақ деген елі бар, Ұлы Тұран мәңгілік!
Аштықта азып көрмеген, Жоқтықта тозып көрмеген,
Өлсе де намыс бермеген, Ұлы Тұран Мәңгілік!
Ажал оғын атса да, бір-біріндеп сатса да,
Жазықсыз жала жапса да, Ұлы Тұран Мәңгілік!
Ақындары ар болған, Батырлары нар болған,
Бір тәңірге жар болған, Ұлы Тұран Мәңгілік!
Тектіден туған тек болған, Кер заманға кек болған,
Айтқан сөзі серт болған, Ұлы Тұран Мәңгілік!
Қазақтықтың құнары, Жүрегінде жыр әні,
Азаттықтың жұмағы, Ұлы Тұран Мәңгілік!
Қолдан намыс бермеген, жер бесігін тербеген,
Өлсе де намыс бермеген, Ұлы Тұран Мәңгілік» [5, 18 б.]

-деп адамзат рухын оятарда ерекше сезім силары хақ.

Үш бөлімнен тұратын композицияның алғашқы бөлімінде көне кезеңнің сағымдары (архаикалық мәдениет) елестесе, екінші бөлімінде көз алдымызға жиналып жатқан саңмындаған батырлардан құралған әскери жасақтың бейнесі көрінердей. Кейін жырдың өзі басталады. Шығарма 2016 жылы 16 желтоқсанда «Голос Великой степи». Заключительный концерт V «Абязов-фест» атты фестивалінде Камералық оркестрге лайықталынып, алғаш рет Қазан каласында Ла Примера оркестрімен орындалды. Жеті буынды, Қызылорда өңірінің жыр мақамдарына ұқсастырылып жазылған. Келесі талдайтын шығармамыз «Қилы заман» композициясы. «Қилы заман» - Мұхтар Әуезовтің повесі желісінде

жазылған музыкалық шығарма. 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс желісі бойынша дүниеге келген. Алғаш рет үш ішекті домбырамен шығарылған, кейін ансамбльге лайықтап өңделген. Шығарманы тыңдарман тыңдаған сайын көзіне жас алмай тұра алмайды. Себебі, әр адамның өзінің өмірінде көрген қиын кезеңдер болуы мүмкін. Өақсы мен жаман қатар жүреді демекші, бұл шығармада Қазақ болып, жеке ел болғалы көптеген қиыншылық кезеңдер кездесті. Сол қиыншылық кезеңдерде марқұм болған ата-бабамыздың ерлігін еске ала отырып шыққан шығарма – «Тұран» ансамблі репертуарындағы орындалатын композициялық құрылымы жағынан ең күрделі шығармалардың бірі

«Ортеке» – 2010 жылы «Тұран» ансамблі Халықаралық «Ортеке» фестивалінде Гран-При иегері атанды. Ата-бабаларымыздың театр қойылымы сияқты, «Ортеке» өнері ХІХ ғасырдың басында қазақ даласында кеңінен таралған. «Ортеке» арнайы жасалған тұғырға орнатылады да, домбырашының саусағына жіппен байланады. Күйші аспапта ойнай бастағанда, перне басқан саусақтардың қозғалысымен қуыршақ әсем биге баса жөнеледі. «Тұран» орындайтын «Ортеке» шығармасында өмір сабақтастығы әуен арқылы немесе үш қуыршақтың көрінісімен бейнеленеді. Өмірдің үш кезеңі. Ол – бала кезең, орта буынғы кезең және қарттық кезең [3]. Шығарманың бірінші бөлімінде шертер аспабының қоңыр үнімен Абзал Арықбаев үлкен қарт кісінің бейнесін баяндайды. Яғни, алдыңғы буынғы аталарымыздың айтқан салиқалы сөздерін сипаттайды. Кейінгі бейнеде орта буындағы жастардың құлшынысы көрсетіледі. Жастардың ойын-сауық құруы, ауылдағы тойды домбыра аспабымен Бауыржан Бекмұханбет жеткізеді. Ал үшінші кезеңде – еш уайымсыз, ойын күлкімен өткізген балалық шақ. Бұл кезеңде Серік Нұрмолдаев шіңкілдек немесе балақай домбырада ортекені билету арқылы сүйемелдейді.

«Бүркіт» – ҚР Тәуелсіздік символымен тікелей байланысты. Бұл шығармада Бүркіттің даусы қобыз аспабымен ең алғаш рет орындалған. Шарықтау шыңы, яғни кульминациясы ұрмалы аспаптар арқылы жеткізілген. Шығармада қыран бүркіттің бейнесі анық көрсетілген. «Тұран» ансамблі орындайтын ең қысқа шығарманың бірі. Шығармада тәуелсіз қыран Бүркіттің жоғарғы әлемде еркін ұшып жүргені бейнеленеді.

«Тұран»-ның қазақ музыкасына енгізген жаңалықтарының бірі – алғаш рет фольклорлық аспаптардың симфониялық оркестрмен үндестік тауып, бірігіп шығарма орындауында. Он жыл ішінде ансамбльге арнап Қазақстандағы белгілі композитор Ақтоты Райымқұлова бірнеше симфониялық шығармалар жазса, бүгінде ағылшын композиторы К.Дженкинс те өзінің шығармаларын ансамбльге лайықтап жазуда. Сонымен бірге, Израильдің симфониялық оркестрінің қазақстандық ансамбльмен шығармашылық байланыста болуды дәстүрге айналдырғанын біздер әрқашан да мақтаныш тұтуымыз керек.

Қорытынды

Бүгінгі күнге дейін мұра болып, сақталып келген этно-фольклорлық аспаптар қазіргі таңда түрлі фольклорлық ансамбльдерде қолданылып келсе де, жан-жақтылы зерттеуді талап етеді. «Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің шығармашылығына терең үңілу ұлтымыздың ұмыт болған ұлттық аспаптарымызды жете танып қана қоймай, ұлттық болмысымызды да жан-жақты білуімізге де кең жол ашады. Яғни, біз жоғарыда тілге тиек еткен ансамбльдің әрбір туындысы тарихпен ұштасып, болмысымызбен біте қайнасып, салт-дәстүріміздің жарқын үлгісі іспетті. «Тұран» этно-фольклорлық ансамблінің шығармашылығын жете түсіну жалаң музыкалық танымымызды арттырып қана қоймай, ұлтымыздың байырғы түсінік пайымына қайта оралуымызға үлкен мүмкіндік береді. Ең бастысы «Тұран» этно-фольклорлық ансамблі ескі әуендерімізбен байырғы аспаптарымызды заманға лайықты

жаңа үлгіде жаңғыртып тыңдарманға ұсына білді. Қандай да бір өркениет өзінің рең бояуын жоғалтпай уақыттың қатаң сүзгісінен сүрінбей өте алса, ол шынымен де адамзатқа ортақ мәдениет жауһарына айналады.

Аталмыш ансамбльдің тереңнен тамыр тартқан жаңаша үрдісі дәл осы мүддені өздеріне темірқазық еткендей. Біз жоғарыда мұның мән мазмұнына қысқаша тоқталдық. Алдағы уақытта осы тақырып кеңінен зерттелуді қажет етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Алшанов Р. А., Аханов С. А. – Алматы: Қазақстан рекордтар кітабы «КинЭС», 2018. – 720 б.
2. Жұбанов А. Өн-күй сапары. – Алматы: Өнер, 1975. – 245 б.
3. Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. – Алматы: Жалын, 1981. – 390 б.
4. Медеубекұлы С. Сазды аспаптар сыры. – Алматы: Өнер, 1996. – 540 б.
5. Ербол М. Қазақстандағы қазіргі заманғы фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер // Saryn art and science journal. №4 (17) 2017. – Б. 74 – 79.

Е. Б. Алиев, Н. С. Бекмолдин

*Казахская национальная академия искусств им. Т. Жургенова
(Алматы, Казахстан)*

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННЫХ ЭТНО-ФОЛЬКЛОРНЫХ АНСАМБЛЕЙ

(на основе этно-фольклорного ансамбля «Туран»)

Аннотация

В статье рассматривается история казахской музыки, путь развития, состояние синкретной действительности в фольклорном искусстве, анализируется с научной точки зрения, говорится о методах и приемах использования современных инструментов в ансамблях. В настоящее время широко изучается тенденция развития группы, исходя из композиций этно-фольклорного ансамбля «Туран», популярного своим творчеством, широким репертуаром.

Ключевые слова: этно-фольклорный ансамбль, композиция, репертуар.

E. B. Aliev, N. S. Bekmoldinov

*T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts
(Almaty, Kazakhstan)*

FEATURES OF DEVELOPMENT OF MODERN ETHNO-FOLKLORE ENSEMBLES

(Based on the ethno-folk ensemble «Turan»)

Abstract

The article deals with the history of Kazakh music, the way of development, and the state of syncretic reality in folk art. It is analyzed and analyzed from a scientific point of view, as well as methods and techniques for using modern instruments in ensembles. Currently, the trend of the group's development

is widely studied, based on the compositions of the ethno-folk ensemble «Turan», which is popular for its creativity and wide repertoire.

Key words: ethno-folk ensemble, composition, repertoire

Авторлар туралы мәлімет:

Ержігіт Алиев – Т. К. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының 2 курс магистранты;
e-mail: erzhibit.aliev.1994@mail.ru

Бекмолдинов Нартай Сағымбекулы - Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының дәстүрлі музыка өнері кафедрасының ұстазы, Алматы, Қазақстан.
e-mail:nartaybekmoldinov@hotmail.com

Сведения об авторах:

Ержигит Алиев – магистрант 2 курса Казахской национальной академии искусств им. Т. К. Жургенова;
e-mail: erzhibit.aliev.1994@mail.ru

Бекмолдинов Нартай Сағмбекулы, преподаватель кафедры традиционного музыкального искусства Казахской национальной академии искусств имени Т.К.Жургенова, Алматы, Казахстан.
e-mail:nartaybekmoldinov@hotmail.com

Author's bio:

Erzhibit Aliyev – 2nd year master's student of the Academy of arts.
T. K. Zhurgenov;
e-mail: erzhibit.aliev.1994@mail.ru

Bekmoldinov N.S.— teacher in traditional music art of the T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan
e-mail:nartaybekmoldinov@hotmail.com